



Бастамашы

№29 «Ай-Керім» бөбекжай

Бастамашының меңгерушісі:

А.И. Ходжауратова

Ұйымдастырылған ашық оқу тәртібі

«Біз өмірдің гүліміз»



«Балдырған» ересек тобы

Музыка жетекшісі: Даниярбекова Жибек

Білім беру саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тобы: Балдырған ересек тобы

Тақырбы: «Біз өмірдің гүліміз»

Мақсаты: ән арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін ояту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету.

Көрнекілік: бақытты балалардың бейнелері салынған суреттер.

Сөздік жұмыс: вальс, полька, қазақ биі.

Оқу қызметінің кезендері	Музыка жетекшісінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотивациялық- қозғаушылық	Музыка әуенімен балаларды залда қарсы алады. Шеңбер бойында шаттық шеңберіне тұрып, Жер-анаға, Күнге, досына жылы лебіздерін жеткізеді. Камзол киген қынай бел Толған ою-өрнекке Билеші деп сұрайды ел, Өнерімді көрмекке. -Әсем киімдер киініп, мың бұралған бишілерді концерттен, теледидардан көріп жүрсіндер. Би-ұлттық би, түрлі халықтар билері болып бөлінеді.	Балалар әуенмен залға кіреді. Қайырлы таң, алтын күз! Қайырлы таң, Жер – ана! Қайырлы таң, туған жерім! Қайырлы таң, жан досым!
	-Балалар, бүгін біз сол билердің үзінді тыңдаймыз.	Балалар түрлі билерден үзінді тыңдайды.

Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: вальс,полька «Көңілді би». Вальс-жұптасып,үдемелі айналада өтетін би.Полька-жеңіл,аяқты тізеден көтере секіріп билейтін би түрі. Қамажай-қазақ халқының ұлттық биі.Көбіне аяқты шалыс баса жүріп,жүн түту,ұршық ніру,киіз басу,айныға карау секілді қимылдармен би өрнектерін жасайды.Өткен іс-әрекет кезінде үйренген әндерді еске түсіріп,қайталап айту. Ән үйрену: «Біз өмірдің гүліміз әні» (Б.Дәлденбай,Е.Өтетілеуұлы) -Әнде не туралы айтылған? -Ән көңілді ме,әлде көңілсіз бе? -Көңілді әндерді мажорлы,көңілсіз әндерді минорлы деп бөлеміз.Біздің шырқаған әніміз қайсысына жатады? Әннің мәтінін қайталау,әуенге ілісе айту. Ойын: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлов.А.Асылбек)Балалар шеңберді айнала отырады. Әуенді- қимылды қозғалыс:	Балалар түрлі билерден үзінді тыңдайды.  Өткен іс-әрекет кезінді айтқан әндерін естеріне түсіріп,айтады.Көңіліз және көңілді әндерді ажыратуға тырысады. Даусы тембріне сай достарының дауыстарын дәл табуға тырысады. Би қимылдарын ырғаққа сай жасауға талпынады.
Рефлексиялық - түзетуші	-Балалар бүгінгі іс-әрекетімізде қандай музыка тыңдаймыз? -Әнде не туралы айтылды? Ойынды жаксы ажыратқан баланы ерекше марапаттау. Қорытындылау,бағалау.	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: дауыс тембріне сәйкес балалардың даусытарын ажырата біледі.

Игереді: вальс,полька, қамажай туралы ұғымдар.

Менгереді: түрлі би элементтеріне сай қимыл жасауды.